

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Саусақ жаттығулары мен нейрогимнастика арқылы баланың ми қызметін дамыту

ЖАРИЯЛАНДЫ
10.03.2026СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/187773/>**Егизбаева Гулайым Жалгасовна**

Атырау облысы, Қызылқоға ауданы Сағыз ауылы

«Ақбота» бөбекжай балабақшасы.

«Шұғыла» ересек тобының тәрбиешісі

КІРІСПЕ

Бұл әдістемелік құрал балабақша тәрбиешілеріне арналған. Құралда балалардың ұсақ моторикасын, сөйлеуін, зейінін және ойлау қабілетін дамытуға бағытталған саусақ жаттығулары мен нейрогимнастика элементтері ұсынылады. Жаттығулар күнделікті оқу-тәрбие үдерісінде қолдануға ыңғайлы.

Мектепке дейінгі кезең – баланың ми дамуының ең белсенді шағы. Саусақ қимылдары мен айқас қозғалыстар ми жартышарларының өзара байланысын күшейтіп, сөйлеу мен ойлаудың дамуына оң әсер етеді.

МАҚСАТЫ

Балалардың ми қызметін белсендіру, ұсақ моторикасын, сөйлеуін, зейінін және есте сақтау қабілетін дамыту.

МІНДЕТТЕРІ

Саусақ жаттығулары арқылы қол бұлшықеттерін дамыту.

Нейрогимнастика арқылы екі ми жартышарының үйлесімін арттыру.

Сөйлеу белсенділігін көтеру.

Қимыл мен ойды үйлестіру.

САУСАҚ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

1. Сәлем, саусақтар!

Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту.

Өтуі: Әр саусақты кезекпен бүгіп, жазу.

2. Қуырмаш

Мақсаты: сөйлеу мен қимылды үйлестіру.

Өтуі: Өлеңмен бірге саусақтарды қозғау.

3. Жаңбыр жауды

Мақсаты: саусақ икемділігін арттыру.

Өтуі: Үстелді саусақтармен тықылдату.

4. Өрмекші

Мақсаты: екі қолды қатар қолдану.

Өтуі: Екі қолмен өрмекші жүрісін көрсету.

НЕЙРОГИМНАСТИКА ЖАТТЫҒУЛАРЫ

1. Айқас қадам

Мақсаты: ми жартышарларын байланыстыру.

Өтуі: Оң қол – сол тізе, сол қол – оң тізе.

2. Құлақ-мұрын

Мақсаты: зейінді арттыру.

Өтуі: Бір қолмен мұрынды, екіншімен құлақты ұстап ауыстыру.

3. Шексіздік белгісі

Мақсаты: көз-қол үйлесімін дамыту.

Өтуі: Ауада шексіздік сызығын салу.

4. Көбелек

Мақсаты: тыныштандыру, үйлестіру.

Өтуі: Қолды айқастырып, қанат қимылын жасау.

ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Жаттығуларды таңертеңгілік жаттығуда, сергіту сәтінде, сабақ ортасында немесе серуен алдында қолдануға болады. Әр жаттығу 1–2 минуттан аспауы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Саусақ жаттығулары мен нейрогимнастика – баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін тиімді әдіс. Бұл құрал тәрбиешілердің күнделікті жұмысын жеңілдетіп, балалардың қызығушылығын арттырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты.
2. Балаларға арналған нейрожаттығулар жинақтары.
3. Педагогика және психология негіздері.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.